

«Бекітілді»

№11 «Таңшолпан» бөбекжай - бақшасының  
директоры \_\_\_\_\_

С.Ж.Жанекешова

**№4"Күншуақ" ересек тобының "Сиқырлы саусақтар!" вариативтік  
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиеші: Алипказиева А.К

2021ж.-2022жж

## Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, шығармашылық ой-қиялын дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет. Баланың түсінігі ең алдымен, оның сезінуімен байланысты. Баланың сурет сала білу, жапсыру қабілеттерін дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Шығармашылық жұмыс жүргізе отырып баланың сөйлеу құзыреттілігіне де әсер етеді. Қағаз, тұзды қамыр, ермексаз, бояуларды қолдана отырып жүргізілетін жұмыстар тек сенсорлық қимылды жаттығу ғана емес, шығармашылық жұмыс, ойлау, сөйлеу қабілетінің белсенділігін, балалардың қоршаған заттар туралы түсінігін тереңдете отырып көрсетеді.

Ересек топта сезімдік және сурет салу, бояу, жапсыру жұмыстарын орындау барысында баланың қызығушылық қабілеттері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс – әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

**Мақсаты:** Балалардың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, шапшаңдық, ізденімпаздық, іскерлік қасиеттерін қалыптастыру. Өз ой-пікірін қорғай алуға үйрету. (балалардың сезімдік қабылдауына, түйсігінің дұрыс бағытта қалыптасуына жағдай жасау). Сурет салу, бояу, ермексаз, гуашь материалдарын қолдана отырып, дәстүрден тыс әдісті пайдаланып әр-түрлі бейне жасауға дағдыландыру. Сонымен қатар тұзды қамырды қолданып толықтыру.

**Міндеттері:** Баланың ақыл-ой әрекетінің дамуын салыстыру дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту. Зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту,

### **Күтілетін нәтижелер:**

**Нені білді:** Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге үйренеді, шығармашылық ой-өрісі дамыта отырып, бір-біріне көмектесуге ынталандырылады.

**Қандай түсініктерді игерді:** Сезімдік тәрбиеде сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, бояу жұмыстары арқылы үйренген сөздерін толық меңгеру; ұсақ қол моторикасын дамыту.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Баланың өз бетімен жұмыс істеуі - балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру; бастаған жұмысының аяғына дейін аяқтауға дағдыландыру.

**Мерзімі:** ересек топ аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар,көрнекіліктер
1	"Сиқырлы саусақтар" тақырыбымен танысу.	Балаларды «Сиқырлы саусақтар»вариативті компонент ұйымдастырылған оқу қызметімен таныстырып, балаларға әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға үйрету. Түрлі-түсті қарындаш,бояулармен,гуашь,ермексаз,түрлі-түсті қағаздармен таныстырып,түсіндіру.Сонымен қатар дәстүрден тыс; тұзды қамыр,далап,рожки,мақта дискілері материалдармен де жұмыс жасауға дағдыландыру. Балалардың шығармашылық ой-өрісін дамытып,қызығушылығын ояту.	Түрлі-түсті бояулар,қағаздар,ермексаз,гуашь
2	"Дәмді алма"	Балаларды алманың суретін далаппен салуға үйрету. Дәстүрден тыс әдіспен бейне жасауға қызығушылықтарын арттыру. Көзбен мөлшерлеуді, зейінді шоғырландыруды, аңғарымдылықты және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Алма суретін далап арқылы бояу.	Ақ қағаз, қызыл түсіті далап, шүберек
3	"Сиқырлы шарлар" (сурет салу)	Түстеріне сай шарларға жіптерін тандап беруге үйрету. Дайын шардың суретін түрлі-түсті бояумен бояп, бояуға сәйкес жіптерді желім арқылы шарға жапсыру.Жұмыс орнын жинастыра білуге тәрбиелеу	Түрлі-түсті шарлардың суреттері, әр түрлі жіптер, желім, сүлгі.
4	"Ұзын құлақ сұр қоян" (Мүсіндеу)	Қоянның мүсінін жасау.Балаларды екі бөлікті қосып ,оларды біріктіруге ,оңай заттарды мүсіндеу ,оларды бөлшектермен толықтыруға (тұмсық , көз) үйрету.Балаларды композициялық қабылдау, аңғарымпаздық қабілетті дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ермексаз , сулы губка,қоянның суреті.
5	"Жалаушалар"	Балалардың назарын әр түрлі затқа сәйкес түстерге	Қағаз , желім, түрлі-түсті қағаз

	(Жапсыру)	аударта отырып, заттық құрамы мен бейнесіне сәйкес түстерді ажырата білулерін бекіту. Түрлі түсті қағаздан жалаушаларды ұқыпты жапсыруды үйрету. Отанына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	,үлгі.
6	"Тиінге арналған саңырауқұлақтар." "сурет салу)	Тиін саңырауқұлақты жақсы көретінін айта отырып,балаларға саңырауқұлақтардың әр түрімен таныстыру. Саңырауқұлақтарға тән ерекшеліктерді бере отырып, саңырауқұлақты салуды үйрету. Гуашь бояулармен жұмыс істеу машығын, композициялық қабылдау, аңғарымпаздық қабілетті дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
7	" Түрлі-түсті себет" (гуашпен бояу)	Түстерді ажырата білуге үйрету. Түрлі -түсті себетті түсіне сай бояу арқылы салу.Дайын себет суретін үлгі арқылы бояу.	Сурет дәптері,гуашь бояуы,қылқалам, сүлгі,
8	"Қырықаяқ"(кір қыстырғыш)	Балалардың қол моторикасын дамыту, түрлі қыстырғыштарды пайдалана отырып, әр түрлі заттардың бөлшектерін құрастыру.	Кір қыстырғыштар,суреттер
9	"Құйыршығын тап" (жапсыру)	Балаларға жануарларды таныстыра отырып, олардың құйрықтарының ерекшелігін айту. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жануарлардың құйрығын таба білуге үйрету.	Дайын жануардың суреті, құйрығы ,желім,сүлгі.
10	"Күз сыйлығы" (Қол еңбегі	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін	Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар. Тұзды қамыр.

		қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.	
11	"Суреттің айырмашылығын тап"	Балалардың зейінін арттыра отырып, суреттің айырмашылығын таба білуге үйрету.	Дайын сурет, көрнекілік.
12	"Пішіннің үйін тап" (жапсыру.)	Балаларға пішіндерді түсіндіріп, берілген пішіндерден үй құрастыруға үйрету. Үйдің келбетін келтіріп, жапсыру.	Ақ қағаз, дайын пішіндер, желім, сүлгі
13	"Көңілді саңырауқұлақтар" (саусақпен сурет салу)	Қағаз бетіне бірдей ритмде толық нүктелерді салуды үйрету, саңырауқұлақ қалпағын әдемі бояу қабілетін бекіту, саусақ бұлшық етін дамыту, жұмысына шығармашылықпен қарауға тарту, саусақпен сурет салуға үйрету.	Қағаздан қиылған саңырауқұлақ пішіні, ақ гуашь, шүберек Саңырауқұлақтардың суреттері.
14	"Допты әрлеп үйренеміз" (тұзды камыр)	Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды камырдан жасалған дөңгелек пішінді допқа ұқсастырып әрлеуді үйрету. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әр түрлі камырдан жасалған доптар. Гуашь, қылқалам, дымқыл сүлгі
15	"Өз ойлары бойынша сурет салу"	Өз ойларымен сурет салу қабілетін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
16	"Шыршаны безендірейік" (қақпақтармен жұмыс)	Шыршаны Жаңа жылдық ойыншықтармен және қақпақтармен безендіруді үйрету. Саусақпен сурет салуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
17	"Қар күрегі" (Мүсіндеу)	Қыс мезгілінде қарды тазалау үшін күректі пайдаланамыз. Күрек - еңбек құралы. Балаларға бірнеше бөлшектерді қосып, қар күрейтін күректі мүсіндеуге үйрету. Шығармашылық ой-қиялды, қолдардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.	Үлгі, ермексаз, сулы губка, тақтайшалар,
18	"Қар жауып тұр"	Қыстың портретін шашырату әдісі арқылы салуды	Сурет дәптері, қылқалам, балды

	(шашырату әдісі)	үйрету. Ақша бұлттар, ағаштар салынған көк фонға ақ бояуға малынған қылқаламды шашыратып, жауып тұрған қардың бейнесін көрсету. Шығармашылық ой-қиялды дамыту. Эстетикалық талғамға және қайталанбас сурет салуға тәрбиелеу.	акварель, сүлгі немесе майлық.
19	"Шыршамызды безендірейік" (саусақпен сурет салу)	Шыршаны Жаңа жылдық ойыншықтармен безендіруді үйрету. Саусақпен сурет салуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Дайын шырша суреттері, гуашь, шүберек.
20	"Аққала" (мақта дискілерінен)	Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіре отырып, мақта дискісі мен мақталы таяқшаны қолдана отырып, аққала құрастыруды үйрету.	Сурет дәптері, мақта дискі, мақталы таяқша, желім, сүлгі немесе майлық.
21	Тақия (сурет салу)	Ұлттық бас киімді түсіндіре отырып, тақияларды түстеріне сәйкес бояуға үйрету. Оларды күнделікті қолданылатын заттармен байланыстыра айта білуді меңгерту, тақияның суретін бояу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық
22	"Әдемі қолғап" (жапсыру)	Қолғапты геометриялық пішіндермен өрнектеп безендіруді үйрету. Қиялдау қабілетін, өз бетінше жеке жұмыстануға ынталылығын дамыту. Эстетикалық талғамға, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Қолғап суреті, әртүрлі геометриялық пішінде қиылған қиындылар, желім, шүберек
23	"Әдемі балықтар" (Мүсіндеу)	Балықтар олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Жетіспейтін бөліктерін жетістіре отырып, алақанмен балық бейнесін жасауға үйрету. Елестету қабілетін қолдың ұсақ, бұлшық еттерін дамыту ынталы болуға тәрбиелеу.	Балықтың суреті, ермексаз, тақтайша, сүлгі.
24	«Алтын күн» (Сурет салу)	Шеңберді түзу сызықтармен үйлестіре білуге үйрету. Сызықтар туралы түсініктерін дамыту. Шығармашыл болуға тәрбиелеу.	Түрлі-түсті қарындаштар, дайын шеңбер сызылған қағаз.
25	Анама арналған моншақ» (рождидан)	Балаларға көктемнің алғашқы мерекесін түсіндіре отырып, аналарына арнаған әдемі моншақты жасауға үйрету. Жіпке түрлі-түсті рожкилерді	Рожки, жіптер, акварель, сүлгі немесе майлық.

		өткізіп, моншақ жасау. Ұсақ қол моторикасын дамыту.	
26	"Қуыршаққа бантик" (жапсыру)	Дайын қуыршақтың бейнесіне, кәмпит сыртының қағаздарын бүктеу арқылы бантик жасауды үйрету. Әсемдікті байқай білуге, бір-біріне көмек көрсетуге ынталы болуға тәрбиелеу.	Қуыршақ бейнесі, кәмпит сыртындағы қағаздар, желім.
27	"Әдемі кесе" (қазақ ою-өрнегі)	Балаларды қазақ ою-өрнегінің элементі: тышқан ізімен таныстыру: Балаларды қазақ ою-өрнегінің элементтерімен әр түрлі заттарды безендіруге үйрету. Көзбен мөлшерлеу, ырғақты сезіну қабілетін дамыту. Сәнді-қолданбалы өнерге қызығушылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
28	"Алдар көсеге арналған көрпеше" (сурет салу)	Халық кәсіпшілігімен таныстыруды жалғастыру. Көрпешенің суретін түсіне қарай алмасып тұратын шаршылар көмегімен құрақтарын салуды үйрету. Түстерді үйлестіре білу қабілетін дамыту. Халық тұрмысы заттарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
29	"Үйшік"	Ертегідегі үйшік бейнесін шырпымен безендіруге үйрету, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру. Шығармашылық ой-қиялын дамыту.	Ақ қағаз, шырпылар, желім, шүберек
30	"Түрлі түсті шарлар әлемі" "сурет салу)	Балаларға ауа шарларының суретін салуды үйрету. Жұмыр пішіндерді салу, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру машығын дамыту. Қылқаламды дұрыс ұстай білу және оны пайдалану, бояудың түрін ауыстырар алдында қылқаламды жуып алу дағдыларын орнықтыру. Қимылдардың дәлдігін, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, акварель, сүлгі,
31	Желкенді қайық" (Жапсыру)	Бөлшектерді жапсырып және біріңғай бейнені құрып затты құрастыру дағдыларын дамыту. Ірі және ұсақ бөлшектерді орналастыруға және жапсыруға үйрету.	Қағаз, желім, түрлі-түсті қағаз, үлгі.

32	"Орман аңдары үшін тағам" (сәбіздер, алмалар, жидектер ) (Мүсіндеу)	Ермексазды алақанның арасында түзу және айналма қимылдармен жазып, оңай заттарды жасауға үйрету. Ұжымда жеке жұмыстарды біріктіруге үйрету	Ермексаз, сулы губка, тақтайша , көрнекі суреттер.
33	"Ұшақты пішіндерден құрастыр" (құрастыру)	Әр түрлі пішіндерді ажырата отырып, берілген пішіндерден ұшақтар құрастыруға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.	Ақ қағаз, пішіндер.
34	"Кемпірқосақ" ( Сурет салу)	Бейнелеу өнерінде заттардың қасиеттеріне сәйкес түстерді ажырата білуге, оны дұрыс пайдалана білуге үйрету; Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;	Сурет дәптері , қылқалам, балды акварель , сүлгі немесе майлық.
35	"Көйлекті әшекейлейміз" (жапсыру))	Дайын салынған көйлекті, әдемі қиылған өрнектермен әшекейлеп жапсыруға үйрету.	Сурет дәптері, желім, сүлгі немесе майлық.
36	"Бағдаршам" (жапсыру)	Балаларды түстерді ажарата білуге, бөлшектерді жапсырып және біріңғай бейнені құрып, затты құрастыру дағдыларын дамыту. Шығармашылық ой-қиялды, қолдардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.	Қағаз , желім, түрлі-түсті дөңгелек пішінде қиылған үлгілер, бағдаршамның суреті